«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қазіргі білім мен ғылымның даму үдерісінде тіл білімінің сөзжасам және семантика салалары қарқынды түрде дамып, зерттеу нысандарының ауқымы кеңеюде. Сөзжасам саласында жаңа тілдік бірліктердің пайда болу заңдылықтары, олардың уәжділік негіздері және семантикалық құрылымы жан-жақты зерттеліп, тілдің динамикалық табиғаты айқындалып отыр. Ал семантика саласында мағынаның өзгеруі, дамуы және контекстік жүзеге асуы когнитивтік лингвистикамен сабақтастырыла қарастырылып, тілдік бірліктердің көпқабатты мағыналық құрылымы ғылыми тұрғыдан тереңірек ашылуда. «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы – тілдің номинативтік және коммуникативтік қызметін жаңа қырынан қарастыруға бағытталған, қазіргі ғылыми талаптарға толық жауап беретін кешенді зерттеу. «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік

			бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Диссертация мемлекет тарапынан қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. 2) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясындағы «Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» мамандандырылған бағыттарына, «8D023 – Тілдер және әдебиет» бағытындағы «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған. 3) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысына сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі сөзжасам, семантика, функционалды лингвистика салаларының тоғысындағы өзекті ғылыми мәселелерді шешуге ықпал етеді. Жұмыс Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен жоғары білім және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясындағы басым бағыттарға сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Аталған диссертациялық жұмыс ғылымға **елеулі үлесін** қосады. Зерттеуде қазақ тіліндегі заттану құбылысы тек сөз таптарының ауысуы ретінде ғана емес, атау жасаудың маңызды тетігі ретінде қарастырылып, оның семантикалық құрылымы мен

			коммуникативтік қызметі жан-жақты талданған. Бұл бағыттағы ізденістер қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік және функционалдық парадигмалармен сабақтасып, теориялық және қолданбалы тұрғыдан өзекті мәселелерді қамтиды. Жұмыста қазақ сөзжасамындағы заттанған сөздердің мағыналық даму ерекшеліктерін анықтау мақсаты қойылып, толық заттану мен контекстік заттанудың айырмасын семантикалық тұрғыдан талданып, қазіргі қолданыс аясын коммуникативтік аспектіде зерттеуге бағытталған. Диссертациялық жұмыста қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісінің қалыптасуы мен даму жолдары жүйелі түрде қарастырылып, зат есімнен өзге сөз таптарының заттану деңгейі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ізденуші әртүрлі сөз таптарынан туындаған атауларды кешенді талдау арқылы олардың ішкі семантикалық құрылымын ашып, мағыналық қабаттарының қалыптасу ерекшеліктерін нақты көрсеткен. Зерттеуде заттанған сөздер жүйеленіп, олардың семантикалық модельдері айқындалған, бұл қазақ тіліндегі атау жасаудың заңдылықтарын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Ізденуші заттану үдерісінің дәрежесін саралап, толық және контекстік (уақытша) заттанған бірліктерді ажыратып көрсетеді. Әсіресе уақытша заттанған сөздердің коммуникативтік қызметін анықтауы – жұмыстың ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызын арттыратын тұстарының бірі. Жалпы алғанда, аталған бағыттағы талдаулар қазақ тіл біліміндегі сөзжасам мен семантика мәселелерін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік беріп, зерттеудің ғылыми-

			теориялық деңгейінің жоғары екендігін дәлелдейді. Диссертациялық жұмыс аясында заттанған бірліктердің әртүрлі дискурстағы (поэзия, паремиология, ғылыми мәтіндер, соның ішінде жасанды интеллект қалыптастырған мәтіндер) қолданысы сараланып, олардың мағыналық дамуы мен қызметтік ерекшеліктері айқындалған. Мұндай кешенді талдау тілдік құбылыстың табиғатын терең түсінуге және қазіргі мәтіндік кеңістіктегі өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жасанды интеллект құрастырған ғылыми мәтіндер негізінде заттанған сөздердің қолданылу жиілік көрсеткіштері айқындалған. Бұл бағыттағы талдау нәтижелері табиғи ғылыми мәтіндер мен жасанды интеллект тудырған мәтіндер арасындағы тілдік айырмашылықтарды анықтауға, сондай-ақ заттанған бірліктердің функционалдық жүктемесін бағалауға мүмкіндік береді. Аталған зерттеу қазіргі қолданбалы лингвистика мен мәтін лингвистикасы аясындағы өзекті мәселелердің бірі ретінде ерекше ғылыми маңызға ие. Диссертанттың қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысын семантикалық-коммуникативтік аспектіде арнайы қарастыруы сөзжасамдық үдерістерді тек құрылымдық емес, функционалдық қырынан тануға жол ашып, тілдік бірліктердің мағынасы мен олардың қолданысы арасындағы байланысты тереңірек талдауы тіл ғылымындағы жаңалығы болып танылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертанттың ғылыми жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу талаптары мен ғылыми стиль ерекшеліктерін толық меңгергені анық байқалады.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	

		3) төмен;	Зерттеу мәтіні жүйелі, логикалық тұрғыдан бірізді құрылған, ғылыми тілі жатық әрі түсінікті. Ізденуші өз еңбегінде дереккөздерді орынды пайдаланып, оларды сыни тұрғыдан саралай отырып, өзіндік ғылыми пайымдауларын ұсына алған. Диссертант зерттеу барысында ғылыми тұжырымдарды негізді түрде қалыптастырып, тақырыптың өзектілігін жан-жақты дәлелдейді. Ұсынылған теориялық қорытындылар мен нәтижелер нақты, жүйеленген және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған негізгі тұжырымдары айқын әрі дәлелді, ал жарияланған ғылыми еңбектері диссертациялық зерттеудің мазмұнын толық қамтып, оның негізгі нәтижелерін жеткілікті деңгейде көрсетеді. Бұл өз кезегінде зерттеу жұмысының ғылыми деңгейінің жоғары екендігін және ізденушінің дербес ғылыми ойлау қабілетінің қалыптасқанын дәлелдейді.
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі тіл біліміндегі сөзжасам, семантика және функционалды лингвистика салаларының өзара тоғысында қарастырылатын күрделі мәселелермен айқындалады. Қазақ тіліндегі заттану құбылысы дәстүрлі зерттеулерде көбіне морфологиялық немесе синтаксистік деңгейде ғана сипатталып келсе, оның семантикалық және коммуникативтік қырлары толыққанды зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, диссертанттың заттану үдерісін атау теориясымен, тілдің номинативтік қызметімен және коммуникативтік табиғатымен сабақтастыра қарастыруы – тақырыптың ғылыми жаңалығы мен өзектілігін арттыратын маңызды
		1) **негізделген;**	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			бағыт. Зерттеуде заттанған бірліктердің әртүрлі дискурстағы, соның ішінде жасанды интеллект құрастырған мәтіндердегі қолданысының талдануы қазіргі цифрлық дәуірдегі тілдік үдерістерді түсіндіруге мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс нәтижелері қазақ тіл біліміндегі теориялық мәселелерді нақтылауға ғана емес, сонымен бірге қазіргі ғылыми мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін сипаттауға, оқу үдерісінде және қолданбалы лингвистика саласында тиімді пайдалануға негіз болады. Осы аталған жайттар зерттеу тақырыбының өзектілігін толық дәлелдейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **<u>айқындайды</u>**; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық әрі жүйелі түрде ашып көрсетеді. Бірінші бөлімде заттану құбылысының теориялық негіздері қарастырылып, қазақ тіл біліміндегі және шетел тіл біліміндегі зерттелу деңгейі ғылыми тұрғыдан сараланады. Заттанудың сөзжасамдық, семантикалық және номинативтік табиғаты айқындалып, зерттеудің әдіснамалық негізі қаланады. Екінші бөлімде диссертация тақырыбының өзегі – әртүрлі сөз таптарының заттану үдерісі және одан туындайтын атаулардың семантикалық құрылымы талданады. Мұнда нақты тілдік деректер негізінде заттанған бірліктердің мағыналық ерекшеліктері, ішкі семантикалық құрылымы және олардың сөзжасам жүйесіндегі орны анықталады. Заттанған сөздердің семантикалық модельдері айқындалып, атау жасаудың заңдылықтары көрсетіледі. Бұл бөлім диссертация тақырыбын мазмұндық тұрғыдан тікелей ашып, оның ғылыми өзегін құрайды.

			Үшінші бөлімде заттанған сөздердің коммуникативтік қызметі әртүрлі дискурстар негізінде қарастырылады. Атап айтқанда, өлең мәтіндердегі, паремиологиялық бірліктердегі және ғылыми мәтіндердегі (соның ішінде жасанды интеллект құрастырған мәтіндердегі) заттанған сөздердің қолданысы мен жиілік көрсеткіштері талданады. Бұл арқылы заттану үдерісінің тек құрылымдық емес, функционалдық сипаты да жан-жақты ашылады. Зерттеу нәтижесінде заттанған бірліктердің тілдік және коммуникативтік табиғатының өзара байланысы дәлелденеді. Жалпы алғанда, диссертация мазмұны тақырыпты толық әрі жүйелі айқындайды. Жұмыс құрылымы логикалық бірізділікпен құрылған: 1) заттану құбылысының теориялық негіздері; 2) заттанған бірліктердің семантикалық құрылымы мен модельдері; 3) заттанудың коммуникативтік қызметі мен мәтіндегі қолданысы. Осы арқылы зерттеу тақырыбының ғылыми мазмұны толық ашылып, оның теориялық және практикалық маңызы негізделген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына, зерттеу нысаны мен ұсынылған ғылыми тұжырымдарға толықтай сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісінің семантикалық және коммуникативтік қырларын кешенді түрде айқындауға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер зерттеудің мазмұнын жүйелі түрде қамтиды. Атап айтқанда, заттану

			құбылысының қалыптасу және даму жолдарын анықтау, әртүрлі сөз таптарының заттану деңгейін саралау, заттанған бірліктердің ішкі семантикалық құрылымын талдау, оларды семантикалық модельдерге жіктеу, сондай-ақ толық және контекстік заттану түрлерін ажыратып, олардың коммуникативтік қызметін анықтау міндеттері өзара логикалық байланыста жүзеге асырылған. Зерттеуде заттанған сөздердің әртүрлі дискурстардағы қолданысын, оның ішінде жасанды интеллект қалыптастырған ғылыми мәтіндердегі жиілік көрсеткіштерін айқындау міндеті де тақырыптың мазмұнын тереңдетуге бағытталған. Бұл өз кезегінде зерттеу жұмысының теориялық және қолданбалы маңызын арттыра түседі. Жалпы алғанда, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер тақырыптың мазмұнына толық сәйкес келіп, зерттеудің ғылыми жүйелілігін және логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Зерттеу жұмысының кіріспе бөлімінде 6 (міндет) көрсетілген және көрсетілген барлық міндеттер диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **<u>толық байланысқан;</u>** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыда толық байланысқан. 3 тарау, 10 тараушадан тұратын ізденушінің зерттеу жұмысы өзара үйлесімді құрылған, құрылымдық бірізділік пен ғылыми жүйелілік сақталған. «Заттану үдерісі және оның қазақ және әлемдік тіл білімінде зерттелуі» атты бірінші тарауында заттану құбылысының теориялық негіздері қарастырылып, оның қазақ және әлемдік тіл біліміндегі зерттелу деңгейі сараланады, сондай-

			ақ заттанудың сөзжасамдық табиғаты айқындалады. «Сөз таптарының заттануы: семантикалық-коммуникативтік сипаты» атты екінші тарауда бірінші тарауда ұсынылған теориялық тұжырымдарды нақты тілдік материал негізінде жалғастырып, әртүрлі сөз таптарының заттану үдерісін семантикалық және коммуникативтік тұрғыдан талдауға арналған. Мұнда заттанған бірліктердің мағыналық құрылымы, модельдері және қолданыс ерекшеліктері айқындалып, теориялық қағидалар практикалық тұрғыда дәйектеледі. «Заттанған сөздердің коммуникативтік аспектісі» атты жұмыстың үшінші тарауында зерттеудің логикалық жалғасы ретінде заттанған бірліктердің коммуникативтік қызметін әртүрлі дискурстар аясында қарастырады. Атап айтқанда, поэтикалық мәтіндердегі, паремиологиялық бірліктердегі және ғылыми, соның ішінде жасанды интеллект құрастырған мәтіндердегі қолданысы талданып, заттану үдерісінің функционалдық қыры толық ашылады. Жұмыстың бөлімдері бір-бірімен мазмұндық тұрғыдан сабақтасып, зерттеу мақсаты мен міндеттерін кезең-кезеңімен ашуға бағытталған. Әр тарауда қарастырылған мәселелер алдыңғы бөлімдермен тығыз байланыста талданып, жалпы зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде диссертациялық жұмыстың логикалық құрылымының орнықтылығын және ғылыми негізділігін көрсетеді.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеу жұмысында диссертант ұсынған ғылыми тұжырымдар жан-жақты дәлелденіп, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарастармен салыстырылып, ғылыми тұрғыдан бағаланған. Қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысына қатысты жаңа ғылыми пайымдаулар ұсынылып, оның семантикалық және коммуникативтік қырлары кешенді түрде қарастырылған. Ізденуші заттану үдерісін тек құрылымдық деңгейде ғана емес, атау теориясымен, тілдің номинативтік қызметімен және коммуникативтік табиғатымен сабақтастыра отырып талдайды. Заттанған бірліктердің семантикалық модельдерін жүйелеп, олардың түрлі дискурстағы қызметін айқындауы – автордың өзіндік ғылыми жаңалығының көрінісі. Диссертант жүргізген талдаулар нәтижесінде заттану үдерісінің дәрежесі сараланып, толық және контекстік заттану түрлері ажыратылып, олардың коммуникативтік ерекшеліктері негізделген. Автор өз тұжырымдарын нақты тілдік деректермен дәйектеп, оларды ғылыми айналымдағы пікірлермен салыстыра отырып, жүйелі түрде ұсына алған. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыста сыни талдау бар, автордың өзіндік ғылыми ұстанымы айқын көрінеді және ұсынылған нәтижелердің ғылыми негізділігі дәлелденген. Зерттеу барысында пайдаланылған ғылыми әдебиеттерге сыни талдау жасалған, әртүрлі ғылыми көзқарастар жүйеленіп, салыстырмалы тұрғыдан бағаланған.
		1) **<u>сыни талдау бар;</u>**	
		2)талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу

		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған. Атап айтқанда: - «қазақ тіліндегі заттанған сөздердің тілдік қолданыстағы жиілігі мен сөзжасам жүйесіндегі өнімділігі нақты тілдік деректер негізінде айқындалып, олардың атау жасау үдерісіндегі орны, қалыптасу жолдары мен мағыналық ауқымы кешенді түрде сипатталған» деген нәтиже жаңа; - «зат есімнен өзге сөз таптарының (сын есім, етістік, сан есім, үстеу және т.б.) заттануының атаужасамдағы рөлі анықталып, бұл үдерістің жаңа ұғымдар мен мағыналардың қалыптасуына ықпал ететіні ғылыми тұрғыдан негізделген. Осы арқылы тілдің ішкі даму заңдылықтары мен лексикалық құрамының толығу механизмдері көрсетілген» деген нәтиже жаңа; - «заттану үдерісінің қалыптасуына әсер ететін тілдік факторлар (үнем заңы, мағынаның ауысуы, кеңеюі мен тарылуы) айқындалып, олардың жаңа заттанған бірліктердің пайда болуындағы қызметі дәлелденген» деген нәтиже жаңа; - «заттанған сөздердің барлығы бірдей толыққанды атау деңгейіне жете бермейтіні көрсетіліп, контекстік (уақытша) заттану құбылысы анықталып, оның сөйлеу үдерісіндегі коммуникативтік қызметі мен мағыналық реңктері сипатталған» деген нәтиже жаңа; - «сын есімдер, етістіктер және сан есімдер негізінде қалыптасқан заттанған бірліктер семантикалық ерекшеліктеріне қарай мағыналық модельдерге жіктеліп, олардың номинациялық қызметін жүйелі сипаттаудың ғылыми үлгісі ұсынылған» деген нәтиже жаңа;
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			- «заттанған тілдік бірліктердің тек табиғи мәтіндерде ғана емес, жасанды интеллект құрастырған мәтіндерде де белсенді қолданылатыны анықталып, олардың ойды ықшам әрі нақты жеткізудегі, мәтіннің коммуникативтік тиімділігін арттырудағы рөлі негізделген» деген нәтиже жаңа. Жалпы алғанда, ұсынылған нәтижелер қазақ тіл біліміндегі сөзжасам, семантика және коммуникативтік лингвистика салаларының тоғысындағы жаңа ғылыми тұжырымдар ретінде бағаланып, зерттеудің ғылыми жаңалығы толық дәлелденген.
		5.2Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Зерттеу жұмысының қорытындылары **толығымен жаңа** және жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында дәйектелген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылған техникалық және басқару шешімдері **толығымен жаңа** және **негізделген**.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда **ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша	Зерттеу жұмысындағы барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда **ауқымды әрі дәйекті дәлелдемелерге негізделген**. Ізденуші ғылыми нәтижелерге қол жеткізу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа алып, оларды сыни тұрғыдан саралай отырып, өз зерттеу нысанымен

		даярлық бағыттары үшін).	сабақтастыра алған. Зерттеу барысында заттанған тілдік бірліктер нақты тілдік деректер негізінде талданып, олардың семантикалық құрылымы мен коммуникативтік қызметі әртүрлі мәтіндерден алынған мысалдар арқылы дәлелденген. Поэтикалық, паремиологиялық және ғылыми мәтіндердегі (соның ішінде жасанды интеллект құрастырған мәтіндердегі) қолданыстарды салыстыра қарастыру арқылы зерттеу нәтижелерінің сенімділігі арттырылған. Ізденуші ұсынған тұжырымдар мен қорытындылар жүйелі талдау, нақты тілдік материал және ғылыми әдебиеттерге сүйену арқылы негізделіп, зерттеудің ғылыми дәлдігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, жұмыс нәтижелері жеткілікті деңгейде дәлелденген және ғылыми тұрғыдан негізді деп бағаланады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін	7.1. Диссертанттың қорғауға ұсынған негізгі қағидаттары толық дәлелденген. Зерттеу жұмысында 6 қағидатты айқындаған. Әрбір қорғауға ұсынылған тұжырым зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. 7.2. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер тривиалды емес. Өйткені зерттеу жұмысында тіл білімінің бірнеше саласын қамтып, жаңаша көзқарастар мен тұжырымдар жасалған. 7.3. Иә, диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен ғылыми нәтижелер жаңа болып табылады. Заттану құбылысының семантикалық және коммуникативтік қырлары кешенді түрде қарастырылып, қазақ тіл білімінде бұрын толық зерттелмеген аспектілер айқындалған. 7.4. Қолдану деңгейі кең. Зерттеу нәтижелерін

		емес.	«Сөзжасам», «Семантика», «Лексикология» пәндерін оқытуда, сондай-ақ ғылыми зерттеулерде кеңінен пайдалануға болады. 7.5. 2023-2026 жылдар аралығында диссертанттың 15 мақаласы жарық көрген. Оның ішінде Scopus деректер базасына енетін халықаралық рецензиялайтын басылымда – 2 (екі) мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда – 5 (бес) мақала, халықаралық конференция жинақтарында – 8 (сегіз) мақала жарияланды.
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3)бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау ғылыми тұрғыдан негізделген, қолданылған зерттеу әдістері жұмыс мазмұнына сай нақты сипатталған. Зерттеу барысында тілдік бірліктерді жинақтау, жүйелеу, топтастыру әдістері, сондай-ақ семантикалық талдау, сипаттамалы әдіс, салыстырмалы талдау тәсілдері кеңінен қолданылған. Заттану үдерісінің ішкі құрылымы мен мағыналық ерекшеліктерін ашуда семантикалық және құрылымдық талдау әдістері тиімді пайдаланылған. Заттанған бірліктердің әртүрлі
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия**;	
		2) жоқ.	

			дискурстардағы қызметін айқындауда коммуникативтік талдау әдісі, ал жасанды интеллект мәтіндеріндегі қолданыс жиілігін анықтауда элементтері статистикалық талдау тәсілдері қолданылған. Жалпы алғанда, таңдалған әдіснама зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында тілдік деректерді жинақтау, жүйелеу және талдау үдерістерінде компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері тиімді пайдаланылған. Жасанды интеллект құрастырған мәтіндер негізінде заттанған сөздердің қолданылу жиілігін анықтау, деректерді өңдеу және оларды интерпретациялау барысында заманауи тәсілдер қолданылып, алынған нәтижелердің нақтылығы мен сенімділігі қамтамасыз етілген. Зерттеу нәтижелері кестелер мен талдау материалдары арқылы жүйеленіп ұсынылған, бұл тілдік деректерді көрнекі әрі нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеуде 5 сызба, 7 кесте, 2 сурет беріліп, тілдік деректер нақты, түсінікті көрсетілген.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.3Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық	Зерттеу жұмысында жасалған теориялық қорытындылар мен ұсынылған семантикалық модельдер нақты тілдік деректер негізінде дәлелденген және ғылыми тұрғыдан негізделген. Заттану үдерісіне қатысты анықталған заңдылықтар әртүрлі мәтіндерден алынған мысалдар арқылы талданып, олардың өзара байланысы жүйелі түрде көрсетілген. Зерттеу нәтижелері отандық және

		эксперимент негізінде дәлелденеді):	шетелдік ғалымдардың еңбектерімен салыстырылып, ғылыми тұжырымдармен сабақтастырыла отырып расталған. Бұл өз кезегінде ұсынылған қорытындылардың сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, диссертацияда жасалған теориялық пайымдаулар мен модельдер жеткілікті деңгейде дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан дәйектелген.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған**/ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысында осы уақытқа дейінгі ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, қолданылған ғылыми материалдар сенімді сілтемелермен расталған.
		8.5Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер саны жеткілікті. Олардың жалпы саны – 151. Пайдаланылған әдебиеттер саны тақырыпқа қатысты таңдалған, зерттеу жұмысының мәтінінде көрініс тапқан, диссертацияны рәсімдеу талаптарына сәйкес сілтемелері жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер қазақ тіл біліміндегі сөзжасам, семасиология және семантика салаларын жаңа деректермен толықтырады. Заттану құбылысының семантикалық және коммуникативтік аспектілерін кешенді түрде қарастыру арқылы оның тілдің номинативтік қызметімен байланысы айқындалып, атаужасам жүйесіндегі орны ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұсынылған семантикалық модельдер мен жіктемелер қазақ тіліндегі заттану үдерісін теориялық тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік беріп, аталған бағыттағы зерттеулердің ғылыми
		1) **бар**;	
		2) жоқ.	

			аясын кеңейтеді. Зерттеу барысында заттанған бірліктердің семантикалық ерекшеліктеріне негізделген модельдер ұсынылып, олар жүйеленіп, ғылыми айналымға енгізілген. Ұсынылған семантикалық модельдер заттану үдерісінің ішкі мағыналық құрылымын, атау жасау механизмдерін және тілдік бірліктердің мағыналық дамуын жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл модельдер қазақ тіліндегі номинация үдерісін теориялық тұрғыдан түсіндіруге және сөзжасам жүйесіндегі заңдылықтарды айқындауға маңызды үлес қосады.
		9.2Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия**; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Ұсынылған талдау үлгілері мен семантикалық жіктемелерді оқу-әдістемелік құралдар, силлабустар әзірлеуде, тілдік деректерді талдау мен жүйелеу жұмыстарында қолдануға мүмкіндік бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Диссертант ұсынған семантикалық модельдер, заттану дәрежесін анықтау тәсілдері және контекстік заттануды сипаттау жолдары ғылыми және оқу үдерісінде қолдануға болатын жаңа әдістемелік үлгі ретінде бағаланады. Бұл ұсыныстар қазақ тіл біліміндегі сөзжасам мен семантика мәселелерін практикалық тұрғыдан игеруге және әрі қарай дамытуға мүмкіндік береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысының құрылымдық жүйесі сақталған, мазмұны логикалық бірізділікпен құрылған, толық аяқталған ғылыми еңбек ретінде бағалауға болады. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар,

			терминдер жүйесі нақты әрі жүйелі берілген, ғылыми стиль талаптары сақталған. Диссертация мәтіні жатық, түсінікті, ғылыми тілде сауатты жазылған. Автор ғылыми дереккөздерді орынды пайдаланып, оларды сыни тұрғыдан саралай отырып, өз ойын жүйелі түрде жеткізе алған.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертацияның рәсімделуі бойынша әр бөлімнің соңында қысқаша тұжырымдар жүйелі түрде берілсе, жұмыстың құрылымдық тұтастығы мен мазмұндық айқындығы арта түсер еді. 2. Зерттеу барысында талдауға негіз болған заттанған тілдік бірліктердің (мысалдар қорының) тізбесін, кестелер мен сызбаларды қосымша ретінде беру орынды болар еді. Бұл ұсыныс зерттеу нәтижелерінің нақтылығын арттырып, тілдік деректердің репрезентативтілігін айқындауға мүмкіндік береді. Алайда бұл айтылған ескертулер жұмыстың жалпы ғылыми деңгейіне әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертанттың жариялаған ғылыми еңбектері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және қазақ тіл біліміндегі сөзжасам, семантика салаларындағы өзекті мәселелерді қамтиды. Автордың мақалаларында қазақ тіліндегі заттану құбылысы, оның семантикалық дамуы, атаужасамдағы қызметі және коммуникативтік ерекшеліктері жүйелі түрде қарастырылған. Зерттеу нәтижелері 5 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 мақала Scopus деректер базасына енгізілген халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған. Диссертанттың зерттеу

			нәтижелері 8 халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып, ғылыми қауымдастық талқысынан өткен. Бұл жарияланымдар зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелерінің апробациядан өткенін, олардың академиялық ортада оң бағаланғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, диссертанттың ғылыми еңбектері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және ғылыми-теориялық әрі практикалық тұрғыдан маңызды нәтижелерді қамтиды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелерді қамтыған, ғылыми жаңалығы мен теориялық-практикалық маңызы бар, талапқа сай орындалған зерттеу болып табылады. Осыған орай, Ақжігітова Аққибат Орақбайқызына «8D02307–Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты

Абдирасилова Г.Қ.

Қолы
Подпись
Расталады: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба